

**Қазақ тілі оқытушысының 2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : ЖШС "Зейінді бала" балабақшасы

Топ: «**Балапан**» ортағы топ

Балалардың жасы: **3-4 жас.**

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Караша	Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none">- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту. <p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауды жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарастауға, өзінің алған әсері мен қалаудың білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ә" дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуда баулу.</p>

		<p>Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан сөздерді ажырату, оларды көпші түрде қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>
--	--	--